

"Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1347 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 11 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 20524 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының патент заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1347 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17329 болып тіркеліп, 2018 жылғы 4 қыркүйекте нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

M. Бекетаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2020 жылғы 21 сәуірдегі

№ 11 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2018 жылғы 29 тамыздағы

№ 1347 бұйрығымен

бекітілген

## **Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық беруді, оны пайдалануға, ашық немесе мәжбүрлі лицензияға құқықты табыстауды тиісті мемлекеттік тізілімдерде тіркеу қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) 1999 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасының патент заңы", 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі - Мемқызметтер туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген және Өнертабыстардың мемлекеттік тізіліміне, Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізіліміне, Өнеркәсіптік ұлгілердің мемлекеттік тізіліміне айрықша құқықтарды беруді, өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқығын беруді, ашық немесе мәжбүрлеу лицензиясын тіркеу тәртібін белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

- 1) айрықша құқық - өнеркәсіптік меншік объектісін өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға патент иеленушінің муліктік құқығы;
- 2) бюллетень - өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;
- 3) өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіптік ұлгілер;
- 4) патент иеленуші - қорғау құжатының иесі;
- 5) патенттік сенім білдірілген өкілдер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілдеп тұраған міністер міністерінің қызметтерінің көрсетілген өкілдер; Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар
- 6) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар

субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

7) "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) - электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шенберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦК) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

## **2-тaraу. Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға айрықша құқықты беруді тіркеу тәртіbi**

3. "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнымен көрсетіледі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы қағиданың 1-қосымшасындағы "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес ЭЦК-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі стандартта келтірілген.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер (бұдан әрі - 4-қосымша) бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

6. Тіркеу туралы өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен занды тұлғалардың атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар өтініш берушінің өз құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын патенттік сенім білдірілген өкілсіз Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайын көрсеткен кезде жүзеге асыра алады.

7. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетіletіn қызметті берушіге келіп түскен сэтте автоматты тұрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетіletіn қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетіletіn қызметті беруші құжаттарды тіркеген сэттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетіletіn қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және төлем нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, көрсетіletіn қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындауды және осы қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Егер көрсетіletіn қызметті алушымен құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда, немесе стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жауапты орындаушы осы қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетіletіn қызметті беруші басшысының қолы қойылған (ЭЦҚ) нысан бойынша көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындауды және көрсетіletіn қызметті алушыға жолдайды.

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетіletіn қызметті берушімен қалпына келтірілуі мүмкін көрсетіletіn қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

8. Тіркелген жағдайда көрсетіletіn қызметті беруші бюллетеньде өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқықты беруді тіркеу туралы мәліметтерді жариялайды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Мемқызметтер туралы заңынц 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсете сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсете мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқықының беруді тіркеу тәртібі**

10. "Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқықының беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) занды тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы қағидалардың 7-қосымшасындағы "Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқықының беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

12. Мемлекеттік қызмет көрсете процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсете ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетеуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі стандартта келтірілген.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетеуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

13. Тіркеу туралы өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен занды тұлғалардың атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар өтініш берушінің өз құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын патенттік сенім білдірілген өкілсіз Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайын көрсеткен кезде жүзеге асыра алады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсетеуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түсken сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке құндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіrkеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және төлем нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 11, 12-қосымшаларына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Егер көрсетілетін қызметті алушымен құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда, немесе стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жауапты орындаушы осы қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолы қойылған (ЭЦҚ) нысан бойынша көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіrкеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірілуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

15. Тіркелген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші бюллетеньде өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқықығын беруді тіrкеу туралы мәліметтерді жариялайды.

16. Көрсетілетін қызметті беруші Мемқызметтер туралы заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

**4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

17. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемқызметтер туралы заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

18. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

## **5-тaraу. Селекциялық жетістікке ашық немесе мәжбүрлі лицензиясына құқық беруді тіркеу тәртібі**

19. Ашық лицензияға құқық беру үшін патент иеленуші "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК (бұдан әрі - "ҰЗМИ" РМК) кез келген тұлғага селекциялық жетістіктерді пайдалануға лицензия алуға құқықты беру туралы өтініш береді.

"ҰЗМИ" РМК ашық лицензия беру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялады.

Көрсетілген лицензияны алуға ниет білдірген тұлға патент иеленушімен жазбаша түрде шарт жасасуға міндетті. Шарттың талаптары бойынша дауларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес сотта қаралады.

20. Соттың мәжбүрлі лицензиясын беру туралы шешімі негізінде "ҰЗМИ" РМК Мемлекеттік тізілімге тиісті мәліметтерді енгізеді және оларды жариялады. Сот шешімі шықкан күн тіркеу күні болып табылады.

Өнеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
1-косымша  
Нысан

**"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "ҰЗМИ" РМК).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқықты беруді тіркеу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	"Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-1 бабының 2-тармагына сәйкес бекітілетін және уәкілдегі органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын, өнеркәсіптік меншік объектілерін көрғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жузеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жузеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі тұсқі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі	1) осы қагидалардың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқықты беру/ішинара беру шартты бойынша электрондық түрдегі нысан бойынша жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініштері; 2) өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқығын беру туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе шарттың нотариалдықу әланырылған көшірмесі; 3) ұлттық көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген жағдайда, көрғау құжаты немесе айрықша құқыктар иесінің басқару органдары немесе құрылтайшылардың/акционерлердің жалпы шешімімен шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі; 4) сенімхаттың электрондық көшірмесі егер мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш екіл арқылы берілсе.

		Төлемді раставтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттың жүйеден алады.
9	Казакстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) объектіге айрықша құқықтың тоқтатылған қолданылу мерзімін қалпына келтіру <span style="float: right;">мерзімін а я к т а л у ы ;</span></p> <p>2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жоғ үшін мерзімнің өтуі;</p> <p>3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;</p> <p>4) өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқыққа билік ету құқығын т і р к е у д і н <span style="float: right;">б о л м а у ы .</span></p> <p>Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірілуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап уш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және біріншай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы <span style="float: right;">алуға мұмкіндігі бар;</span></p> <p>2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары үәкілдепті органның <a href="http://www.adilet.gov.kz">www.adilet.gov.kz</a> және көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.kazpatent.kz">www.kazpatent.kz</a> интернет-ресурстарында көрсетілген.</p>

Өнеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

## Айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты айрықша құқықты

басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

---

2. Иеленуші (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)  
(бұдан әрі - Т.А.Ә.) / занды тұлғаның атауы \*, занды мекенжайы):

---

3. Құқықтық мирасқор (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / занды тұлғаның атауы\*, занды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

## 5. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

## Қосымшалар:

Шарт \_\_\_\_\_ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі \_\_\_\_\_ парақта \_\_\_\_\_ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа күжат (көрсету).

ЭЦК (Т.А.Ө.)

Рєлі

\*Занды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

\*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

Өнеркәсіптік меншік обьектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қагидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## **Айрықша құқықты ішпінара басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеу туралы ӘТІНШІ**

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты айрықша құқықты

ішінара басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Иеленуші (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)  
(бұдан әрі - Т.А.Ә.) немесе заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы):

---

3. Құқықтық мирасқор (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы,  
заңды мекенжайы):

---

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

---

5. Берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

---

6. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

---

Қосымшалар:

Шарт \_\_\_\_ паракта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі \_\_\_\_ паракта \_\_\_\_ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

\*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен  
беріледі

\*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен  
беріледі

Өнеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк  
деректемелері**

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қоғалжын тас жолы, 3Б ғимараты

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атауы, ЖСК, БСК:

"Нұрбанк" акционерлік қоғамы KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323 HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Сбербанк" акционерлік қоғамының еншілес банкі KZ14914012203KZ0047J SABRKZKA

Нұр-Сұлтан қаласындағы "ForteBank" акционерлік қоғамының филиалы KZ1096503F0007611692IRTYKZKA

Онеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
5-қосымша

Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Патент иеленуші:

Құқықтық мирасқор:

## **"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету туралы ХАБАРЛАМА**

"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК Қазақстан Республикасының Патент Заңының \_ бабының \_ тармағына сәйкес №\_ патент (-тері) бойынша өнертабысты (пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні) пайдалану құқығын басқаға беру шарты (ішінара) бойынша айрықша құқықты беру Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(ЭЦК)

Онеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты

табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

**Шарттың тіркеу нөмірі:**

**Шартты тіркеу күні:**

**Патент иеленуші , Лицензиар (Қосалқы лицензиар), Кешенді лицензиар  
(Қосалқы лицензиар):**

**Құқықтық мирасқор, Лицензиат (Қосалқы лицензиат), кешенді лицензиат  
(Қосалқы лицензиат):**

**"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік мешіткік  
объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуден  
бас тарту туралы ХАБАРЛАМА**

"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК Қазақстан Республикасының Патент  
Заңының \_ бабының \_ тармағына сәйкес басқаға (ішінара) беру шарты тіркеуден бас  
тартылғаны туралы хабарлайды.

(ЭЦК)

Өнеркәсіптік мешіткік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбурлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

**"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік мешіткік  
объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандарты**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "ҰЗМИ" РМК).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	<a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқығын беруді тіркеу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	"Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілдегі органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын, өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс жақты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы: "ҰЗМИ" РМК-ның www.kazpatent.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі	1) осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиялық шарттың электрондық түрдегі талаптарын қамтитын өзге шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқығын беруді тіркеу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші; 2) өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқығын беру туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе шарттың нотариалды қуәланырылған көшірмесі; 3) ұлттық көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген жағдайда, қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары немесе құрылтайшылардың/акционерлердің жалпы шешімімен шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілдегін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі; 4) сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе). Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген	1) объектіге айрықша құқықтың тоқтатылған қолданылу мерзімін қалпына келтіру мерзімінің аяқталуы; 2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жою үшін мерзімнің өтуі; 3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу; 4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы; 5) тараптың объектіні пайдалану құқығын беруге кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты

	мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірілуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе тұзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе тұзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>1) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы акпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның <a href="http://www.adilet.gov.kz">www.adilet.gov.kz</a> және көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.kazpatent.kz">www.kazpatent.kz</a> интернет-ресурстарында көрсетілген.</p>

Өнеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
таблицауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
8-қосымша  
Нысан

## Құқықты лицензиялық немесе қосалқы лицензиялық шарт бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты құқықты лицензиялық немесе қосалқы лицензиялық шарт бойынша беруді тіркеуді сұраймын

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

---

2. Лицензиар (қосалқы лицензиар) (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса))  
(бұдан әрі - Т.А.Ә.) / занды тұлғаның атауы \*, занды мекенжайы):

---

3. Лицензиат (қосалқы лицензиат) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / занды тұлғаның атауы\*, занды мекенжайы):

---

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

---

5. Пайдаланылатын түрлерін ескере отырып, берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

---

6. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

---

Косымшалар:

Шарт \_\_\_\_ парақта;

Оқілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі \_\_\_\_\_ парақта \_\_\_\_\_ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

\*Занды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

\*Занды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

Өнеркәсіптік меншік обьектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
9-қосымша  
Нысан

## **Құқықты кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты (франчайзинг) бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ**

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты құқықты кешенді

кәсіпкерлік лицензия шарты (франчайзинг) бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

---

2. Кешенді лицензиар (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) /

занды тұлғаның атауы \*, занды мекенжайы):

---

3. Кешенді лицензиат (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / занды тұлғаның атауы\*, занды мекенжайы):

---

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

---

5. Пайдаланылатын түрлерін ескере отырып, берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

---

6. Хат алмасу үшін мекенжай және байланыс телефондар:

---

Косымшалар:

Шарт \_\_\_\_ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі \_\_\_\_\_ парақта \_\_\_\_\_ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

\*Занды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

\*Занды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

Онеркәсіптік меншік объектісіне

айрықша құқық беруді, оны

пайдалануға, ашық немесе

мәжбүрлі лицензияға құқықты

табыстауды тиісті мемлекеттік

тізілімдерде тіркеу

қағидаларына

10-косымша

Нысан

## **Құқықты лицензиялық (қосалқы лицензиялық, кешенді кәсіпкерлік лицензия) шартына қосымша келісімді тіркеу туралы ӨТІНІШ**

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты жасалған лицензиялық (қосалқы лицензиялық, кешенді кәсіпкерлік лицензия) шартына қосымша келісімді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

---

2. Шарттың тіркеу нөмірі және тіркелген күні:

---

3. Лицензиар (қосалқы лицензиар, кешенді лицензиар) (жеке тұлғаның Тегі Аты Экесінің аты

(бар болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) / занды тұлғаның атауы \*, занды мекенжайы):

---

4. Лицензиат (қосалқы лицензиат, кешенді лицензиат) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / занды тұлғаның

атауы\*, занды мекенжайы):

---

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

---

6. Хат алмасу үшін мекенжай және байланыс телефондар:

---

Қосымшалар:

Шарт \_\_\_\_\_ парақта;

Оқілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі \_\_\_\_\_ парақта \_\_\_\_\_ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

\*Занды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

\*Занды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

Өнеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
11-косымша

**Шарттың тіркеу нөмірі:**

**Шартты тіркеу күні:**

**Лицензиар (Қосалқы лицензиар):**

**Лицензиат (Қосалқы лицензиат):**

**"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету туралы ХАБАРЛАМА**

"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК Қазақстан Республикасының Патент Заңының \_ бабының \_ тармағына сәйкес № \_ патент (-тері) бойынша өнертабысты (пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні) пайдалануға лицензиялық шарт бойынша айрықша (емес) (қосалқы) лицензия беру шартының Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(ЭЦК)

Өнеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияға құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
12-косымша

**Шарттың тіркеу нөмірі:**

**Шартты тіркеу күні:**

**Кешенді лицензиар (Қосалқы лицензиар):**

**Кешенді лицензиат (Қосалқы лицензиат):**

**"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету туралы ХАБАРЛАМА**

"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК Қазақстан Республикасының Патент Заңының \_ бабының \_ тармағына сәйкес кешенді кәсіпкерлік (қосалқы) лицензия

шартын тіркеу туралы кешенді кәсіпкерлік (қосалқы) лицензия шарты өнертабысты (пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні) пайдалануға лицензиялық шарты № \_ патент бойынша айрықша (емес) лицензия беру туралы шарты Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгендейін хабарлайды.

(ЭЦК)

Өнеркәсіптік меншік объектісіне  
айрықша құқық беруді, оны  
пайдалануға, ашық немесе  
мәжбүрлі лицензияга құқықты  
табыстауды тиісті мемлекеттік  
тізілімдерде тіркеу  
қағидаларына  
13-косымша

**Шарттың тіркеу нөмірі:**

**Шартты тіркеу күні:**

**Патент иеленуші , Лицензиар (Қосалқы лицензиар), Кешенді лицензиар  
(Қосалқы лицензиар):**

**Құқықтық мирасқор, Лицензиат (Қосалқы лицензиат), кешенді лицензиат  
(Қосалқы лицензиат):**

**"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік  
объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметті көрсетуден  
бас тарту туралы ХАБАРЛАМА**

"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК Қазақстан Республикасының Патенттік Заңының \_ бабының \_ тармағына сәйкес лицензиялық шартты (ішінана) басқаға беру / (қосалқы) шарты, кешенді кәсіпкерлік (қосалқы) лицензия шарты, кепіл шарты тіркеуден бас тартылғаны туралы хабарлайды.

(ЭЦК)